

"Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 51 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

"Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (бұдан әрі – Шарт);

2019 жылғы 25 қазандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіруге бағытталған шаралар туралы келісім (бұдан әрі - Келісім);

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында алмасуға жататын асыл тұқымды жануарлар мен селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер құрамын бекіту туралы" 2020 жылғы 27 қазандағы № 132 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 26 сәуірдегі № 69 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестердің сыртқы және өзара саудасын интеграцияланған ақпараттық жүйе құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 06 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесі (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқор" - Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) арасында өткізілетін асыл тұқымды жануарлар және олардың асыл тұқымдық өнімі (материалы) туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурс;

"селекциялық жетістіктер туралы дерекқор" - мүше мемлекеттердің аумақтарында өсірілетін ауыл шаруашылығы жануарларының тұқымдары, типтері, желілері мен кросстары, олардың сипаттамалары мен өсіру орындары туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурс;

"ұлттық ақпараттық ресурс" – мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары қалыптастыратын және жүргізетін асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурстар.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процестің қатысушысы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 09 маусымдағы № 63 шешімімен

бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"

6. Жалпы процестің кодтық белгіленімі: P.AS.03, нұсқа 0.0.1.

1. Жалпы процестің мақсаттары мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаттары:

ұсынылатын мәліметтердің сапасын арттыру және олардың анықтығына қосымша кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтермен және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы мәліметтермен алмасу бөлігінде өкілеттіктерді іске асыруы үшін жағдайлар жасау;

мал шаруашылығы өнімін өндірушілердің және өзге де мүдделі тұлғалардың Одақ аумағында өсірілетін ауыл шаруашылығы жануарларының тұқымдары, типтері, желілері мен кросстары, олардың сипаттамалары мен өсіру орындары туралы хабардар болуын арттыру есебінен асыл тұқымдық өніммен өзара сауда көлемін ұлғайту.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) уәкілетті органдар ұсынатын ұлттық ақпараттық ресурстардан алынған ақпарат негізінде асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды және селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды құруы, қалыптастыруы және жүргізуі;

б) уәкілетті органдардың сұрау салу бойынша асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан және селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан ақпаратты автоматты режимде алуын қамтамасыз ету;

в) Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерге және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету;

г) жалпы процеске қатысушылардың бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтарды пайдалануын қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Одақтың: асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды және селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыруды және жүргізуді, сондай-ақ асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордың және селекциялық жетістіктер туралы дерекқордың мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды; сұрау салу бойынша уәкілетті органға асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордың және селекциялық жетістіктер туралы дерекқордың мәліметтерін ұсынуды жүзеге асыратын органы
P.AS.03.ACT.001	уәкілетті орган	мүше мемлекеттің: ұлттық ақпараттық ресурсты қалыптастыруды және жүргізуді; бірыңғай дерекқорды қалыптастыру үшін Комиссияға асыл тұқымды жануарлар және селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді ұсынуды; асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордың және селекциялық жетістіктер туралы дерекқордың мәліметтерін алуды жүзеге асыратын уәкілетті органы уәкілетті органы жүзеге асырады

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс бұл мақсатына қарай топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

а) асыл тұқымды жануарлар туралы ар туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;

б) уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері;

в) селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;

г) уәкілетті органдардың сұрауы бойынша селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері.

11. Жалпы процестің рәсімдерін орындау кезінде уәкілетті органдар асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды және селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу үшін асыл тұқымды жануарлар мен селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етеді. Комиссия уәкілетті органдардан алынатын мәліметтер негізінде асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды және селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру мен жүргізуді және асыл тұқымды жануарлар мен селекциялық жетістіктер туралы жаңартылған деректерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды жүзеге асырады, сондай-ақ сұрау салу бойынша уәкілетті органдарға асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан және селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер беруді қамтамасыз етеді.

12. Жалпы процесс құрылымының сипаттамасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әр тобы үшін жалпы процестің рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтірілген. Рәсімдердің жалпы схемасы UML графикалық белгісін (бірыңғай модельдеу тілі – Unified Modeling Language) қолдана отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

4. Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдер тобы

15. Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау кезінде уәкілетті орган асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді енгізу немесе өзгерту үшін асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 51 шешімімен бекітілген "Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 51 шешімімен бекітілген "Асыл тұқымды жануарлар және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдары) сәйкес келуі тиіс.

Асыл тұқымды жануарлар және (немесе) олардың асыл тұқымдық өнімдері туралы жаңа мәліметтер пайда болған кезде "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімі (P.AS.03.PRC.001) орындалады.

Асыл тұқымды жануарлар және (немесе) олардың асыл тұқымдық өнімдері туралы мәліметтерде өзгерістер пайда болған жағдайда, "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P. AS.03. PRC. 002) орындалады.

Асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер алып тасталған жағдайда, "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау" рәсімі (P.AS.03.PRC.003) орындалады.

16. Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.

P.AS.03.PRC.003	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау	рәсім уәкілетті органның Комиссияға асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау туралы мәліметтерді ұсынуға және Одақтың ақпараттық порталында жаңартылған мәліметтерді жариялауға арналған
-----------------	---	--

5. Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдер тобы

18. Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері Комиссия уәкілетті органдардан тиісті сұрау салуды алған кезде орындалады.

Асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді ұсыну уәкілетті органдар мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдерін орындау шеңберінде уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша уәкілетті органдардан келіп түсетін сұрау салулардың мынадай түрлері өңделеді:

асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды жаңартудың күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрау салу;

асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерге сұрау салу;

асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан өзгертілген мәліметтерді сұрау салу.

Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды уәкілетті органда сақталатын асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді Комиссияда сақталатын асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорда қамтылған мәліметтермен үндестіру қажеттігін бағалау мақсатында уәкілетті орган орындайды.


Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат беруге сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P. AS.03.PRC.004) рәсімі орындалады.

Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерді сұратуды уәкілетті орган асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізілген асыл тұқымды жануарлар туралы барлық мәліметтерді алу мақсатында орындайды. Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтер не толық көлемде не белгілі бір күн мен уақыттағы жағдай бойынша сұратылады. Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан

мәліметтер сұратуды жүзеге асыру кезінде "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтер алу" рәсімі (P.AS.03.PRC.005) орындалады.

Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан өзгертілген мәліметтерді сұрату кезінде асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға қосылған немесе сұрау салуда көрсетілген кезден бастап осы сұрау салу орындалған кезге дейін өзгерістер енгізілген мәліметтер ұсынылады. Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан өзгертілген мәліметтерді сұратуды жүзеге асыру кезінде "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан өзгертілген мәліметтерді алу" рәсімі (P.AS.03.PRC.006) орындалады.

19. Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте келтірілген.



3-сурет. Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
-------------------	-------	-------------

1	2	3
P.AS.03.PRC.004	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсім уәкілетті органның уәкілетті органда сақталатын асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорда қамтылған мәліметтермен үйлестіру қажеттігін бағалауға арналған
P.AS.03.PRC.005	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтер алу	рәсім асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтер алуға арналған
P.AS.03.PRC.006	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан өзгертілген мәліметтерді алу	рәсім уәкілетті органда сақталатын асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорда қамтылған мәліметтермен үйлестіруге арналған

6. Селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдер тобы

21. Селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау кезінде уәкілетті орган селекциялық жетістіктер туралы дерекқорға енгізу және ондағы мәліметтерді өзгерту үшін селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

Селекциялық жетістіктер туралы жаңа мәліметтер пайда болған кезде " Селекциялық жетістіктер туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімі (P.AS.03.PRC .007) орындалады.

Селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерде өзгерістер болған жағдайда " Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P.AS.03.PRC.008) орындалады.

Селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер алып тасталған жағдайда, " Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастау" рәсімі (P.AS .03.PRC.009) орындалады.

22. Селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте келтірілген.



4-сурет. Селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

22. Селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AS.03.PRC.007	Селекциялық жетістіктер туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу	рәсім уәкілетті органның Комиссияға селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді ұсынуына, мәліметтерді селекциялық жетістіктер туралы дерекқорға енгізуге және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялауға арналған
Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AS.03.PRC.008	Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордағы мәліметтерді өзгерту	рәсім уәкілетті органның Комиссияға селекциялық жетістіктер туралы өзгертілген мәліметтерді ұсынуына, селекциялық жетістіктер туралы дерекқордағы мәліметтерді жаңартуға және жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауға арналған

P.AS.03.PRC.009	Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастау	рәсім уәкілетті органның Комиссияға селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан алып тастау туралы мәліметтерді ұсынуға және Одақтың ақпараттық порталында жаңартылған мәліметтерді жариялауға арналған
-----------------	---	--

7. Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдер тобы

22. Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері Комиссия уәкілетті органдардан тиісті сұрау салуды алған кезде орындалады.

Селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді ұсыну уәкілетті органдар мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдерін орындау шеңберінде уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша уәкілетті органдардан келіп түсетін сұрау салулардың мынадай түрлері өңделеді:

селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды жаңартудың күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрау салу;

селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтерге сұрау салу;

селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан өзгертілген мәліметтерге сұрау салу.

Селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды уәкілетті органда сақталатын селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді Комиссияда сақталатын селекциялық жетістіктер туралы дерекқорда қамтылған мәліметтермен үйлестіру қажеттігін бағалау мақсатында уәкілетті орган орындайды.

Селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат беруге сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.AS.03.PRC.10) рәсімі орындалады.

Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтерді сұратуды уәкілетті орган селекциялық жетістіктер туралы дерекқорға енгізілген селекциялық жетістіктер туралы барлық мәліметтерді алу мақсатында орындайды. Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордағы мәліметтер не толық көлемде не белгілі бір күн мен уақыттағы жағдай бойынша сұратылады. Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан

мәліметтер сұратуды жүзеге асыру кезінде "Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер алу" рәсімі (P.AS.03.PRC.11) орындалады.

Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан өзгертілген мәліметтерді сұрату кезінде селекциялық жетістіктер туралы дерекқорға қосылған немесе сұрау салуда көрсетілген кезден бастап осы сұрау салу орындалған кезге дейін өзгерістер енгізілген мәліметтер ұсынылады. Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан өзгертілген мәліметтерді сұратуды жүзеге асыру кезінде "Селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан өзгертілген мәліметтерді алу" рәсімі (P.AS.03.PRC.12) орындалады.

25. Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 5-суретте келтірілген.



5-сурет. Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

26. Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.AS.03.PRC.010	селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсім уәкілетті органның уәкілетті органда сақталатын селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді селекциялық жетістіктер туралы дерекқорда қамтылған мәліметтермен үйлестіру қажеттігін бағалауға арналған
P.AS.03.PRC.011	селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер алу	рәсім селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан мәліметтер алуға арналған
P.AS.03.PRC.012	селекциялық жетістіктер туралы дерекқордан өзгертілген мәліметтерді алу	рәсім уәкілетті органда сақталатын селекциялық жетістіктер туралы мәліметтерді селекциялық жетістіктер туралы дерекқорда қамтылған мәліметтермен үйлестіруге арналған

V. Ақпараттық объектілердің тізбесі

27. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде өздері туралы немесе өздерінен мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AS.03.BEN.001	асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу үшін Комиссияға ұсынылатын асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер
P.AS.03.BEN.002	селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер	селекциялық жетістіктер туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу үшін Комиссияға ұсынылатын селекциялық жетістіктер туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

28. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, өзге де халықаралық

шарттарға және Одақтың құқығын құрайтын актілерге, ал уәкілетті органдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

29. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.AS.03.CLS.001	асыл тұқымды жануарлар мен асыл тұқымды өнім санаттарының сыныптауышы	сыныптауыш	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 132 шешіміне сәйкес асыл тұқымды жануарлар мен асыл тұқымды өнім санаттарының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды.
P.AS.03.CLS.002	асыл тұқымды жануарлар мен асыл тұқымды өнімнің арнайы сипаттамаларының сыныптауышы	сыныптауыш	асыл тұқымды жануарлар мен асыл тұқымды өнімнің арнайы сипаттамаларының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.019	әлем елдерінің халықаралық сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдер атауларының тізбесін және олардың кодтарын қамтиды
P.CLS.054	ұйымдық-құқықтық нысандардың сыныптауышы	сыныптауыш	ұйымдық құқықтық нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 54 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.057		сыныптауыш	сәйкестікті бағалау туралы құжаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Еуразиялық


	сәйкестікті бағалау туралы құжаттар түрлерінің жіктеуші		экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 108 шешімімен бекітілген)
P.CLS.068	шаруашылық субъектілерін сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	сыныптауыш	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 10 наурыздағы № 34 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.099	Еуразиялық экономикалық одақтың өлшем бірліктері мен шоттарының сыныптауышы	сыныптауыш	кодтардың, шартты белгілердің және өлшем бірліктері мен шот атауларының тізбесін қамтиды (Комиссия Алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 145 шешіміне сәйкес қолданылады)

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімі (P.AS.03.PRC.001)

30. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімін (P.AS.03.PRC.001) орындау схемасы 6-суретте көрсетілген.



6-сурет. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімін (P.AS.03.PRC.001) орындау схемасы

31. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімі (P. AS .03.PRC.001) асыл тұқымды жануарлар туралы жаңа мәліметтер пайда болған кезде орындалады.

32. Бірінші "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" операциясы (P.AS.03.OPR.001) орындалады, оның нәтижесінде уәкілетті орган асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

33. Комиссия асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін алған кезде "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P. AS.03.OPR.002) операциясы орындалады, оның нәтижесінде асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер енгізіледі және уәкілетті орган асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарлама жібереді.

34. Уәкілетті орган асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу туралы хабарламаны алған кезде "Асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді дерекқорға енгізу нәтижесі туралы хабарламаны алу"

операциясы (P.AS.03.OPR.003) орындалады, оның нәтижесінде асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

35. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P.AS.03.OPR.002) орындалған жағдайда, "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізілген мәліметтерді жариялау" операциясы (P.AS.03.OPR.004) орындалады, оның нәтижесінде Комиссия Одақтың ақпараттық порталында асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордың жаңартылған және жалпыға қолжетімді мәліметтерін жариялауды қамтамасыз етеді.

36. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімін (P.AS.03.PRC.001) орындау нәтижесі асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу және жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау болып табылады.

37. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімі (P.AS.03.PRC.001) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 8-кестеде келтірілген.

8-кесте

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімі (P.AS.03.PRC.001) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AS.03.OPR.001	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.AS.03.OPR.002	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген
P.AS.03.OPR.003	Асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді дерекқорға енгізу нәтижесі туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
P.AS.03.OPR.004	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген

9-кесте

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" операциясының (P. AS.03.OPR.001) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.AS.03.OPR.001

2	Операцияның атауы	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	Уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	асыл тұқымды жануарлар туралы жаңа мәліметтер пайда болған кезде орындалады
5	Шектеу	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс қимыл регламентіне сәйкес асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін ұсынылған

10-кесте

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P. AS.03.OPR.002) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.AS.03.OPR.002
2	Операцияның атауы	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	Орындаушы асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" операциясы (P. AS.03.OPR.001))
		ұсынылатын ақпараттың форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына

5	Шектеу	сәйкес келуге тиіс. Хабар және электрондық құжат (мәліметтер) уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	Орындаушы асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізуді жүзеге асырады, мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын толтырады және уәкілетті орган мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді қосуға сәйкес келетін өңдеу нәтижесі кодының мәні бар асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарламаны уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелер	асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізілді; асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді

11-кесте

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу" операциясының (P. AS.03.OPR.003) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.AS.03.OPR.003
2	Операцияның атауы	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу

3	Орындаушы	Уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P. AS.03.OPR.002))
5	Шектеу	хабардың форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс қимыл регламентіне сәйкес асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу туралы хабарлама өңделді

12-кесте


"Асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер базасына енгізілген мәліметтерді жариялау" операциясының (P. AS.03.OPR.004) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.AS.03.OPR.004
2	Операцияның атауы	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізілген кезде орындалады ("Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P.AS.03.OPR.002))
5	Шектеу	–
		Орындаушы асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан

6	Операцияның сипаттамасы	жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелер	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алынған мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P.AS.03.PRC.002)

38. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімін (P. AS.03.PRC.002) орындау схемасы 7-суретте көрсетілген.



7-сурет. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімін (P. AS.03.PRC.002) орындау схемасы

38. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P.AS.03.PRC.002) асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізілген асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді түзету қажет болған кезде орындалады.

39. Бірінші "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтер беру" операциясы (P. AS.03.OPR.005) орындалады, оның нәтижесінде уәкілетті орган асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерту үшін асыл

тұқымды жануарлар туралы өзгертілген мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

40. Комиссияға асыл тұқымды жануарлар туралы өзгертілген мәліметтер келіп түскен кезде "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P.AS.03.OPR.006) орындалады, оның нәтижесінде Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорда қамтылған мәліметтерді өзгертуді жүзеге асырады және асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға хабарлама жібереді.

41. Уәкілетті органға асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтердің өзгергені туралы хабарлама келіп түскен кезде "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтердің өзгеру нәтижесі туралы хабарлама алу" операциясы (P.AS.03.OPR.007) орындалады, оны орындау барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

42. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P.AS.03.OPR.006) орындалған жағдайда, "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау" операциясы (P.AS.03.OPR.008) орындалады, оның нәтижесінде Комиссия Одақтың ақпараттық порталында асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордың жаңартылған мәліметтерін жариялауды қамтамасыз етеді.

43. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімін (P.AS.03.PRC.002) орындау нәтижесі асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді өзгерту және жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау болып табылады.

44. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P. AS.03.PRC.002) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 13-кестеде келтірілген.

13-кесте

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P. AS.03.PRC.002) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AS.03.OPR.005	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтер беру	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.AS.03.OPR.006	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.AS.03.OPR.007	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтердің	

	өзгеру нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген
P.AS.03.OPR.008	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген

14-кесте

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" операциясының (P7AS.03.OPR.005) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.AS.03.OPR.005
2	Операцияның атауы	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уәкілетті органның асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді өзгертуі
5	Шектеу	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс қимыл регламентіне сәйкес асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерту үшін ұсынылды

15-кесте

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P.AS.03.OPR.006) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.AS.03.OPR.006

2	Операцияның атауы	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" операциясы (P. AS.03.OPR.005))
5	Шектеу	ұсынылатын ақпараттың форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Хабар және электрондық құжат (мәліметтер) уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мәліметтерді қабылдайды және оларды уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы өзгертілетін мәліметтердің қолданысының аяқталу күні мен уақытын алынған өзгертілген мәліметтердің қолданысының басталу күні мен уақытының мәнімен толтырады. Орындаушы алынған мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға енгізеді, олардың жаңартылған күні мен уақытын толтырады, уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтердің өзгеруіне сәйкес өңдеу нәтижесі кодының мәнімен асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтердің өзгеру нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді

7	Нәтижелер	асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорда өзгертілді; асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтердің өзгеру нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді
---	-----------	--

16-кесте

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтердің өзгеру нәтижесі туралы хабарлама алу" операциясының (P. AS.03.OPR.007) сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.AS.03.OPR.007
2	Операцияның атауы	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы мәліметтердің өзгеру нәтижесі туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	Уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P.AS.03.OPR.006))
5	Шектеу	хабардың форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс қимыл регламентіне сәйкес асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтердің өзгеру нәтижесі туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтердің өзгеру нәтижесі туралы хабарлама өңделді

17-кесте


"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау" операциясының (P.AS.03.OPR.008) сипаттамасы

--	--	--

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.AS.03.OPR.008
2	Операцияның атауы	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорда өзгертілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордағы асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер өзгерген кезде орындалады ("Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы ((P.AS.03.APR.006)))
5	Шектеу	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордың өзгертілген мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелер	асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордың жаңартылған мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастау" рәсімі (P.AS.03.PRC.003)

46. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастау" рәсімін (P. AS.03.PRC.003) орындау схемасы 8-суретте көрсетілген.



8-сурет. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастау" рәсімін (P. AS.03.PRC.003) орындау схемасы

47. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастау" рәсімі (P.AS.03.PRC.003) асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар дерекқорынан алып тастау қажет болған кезде орындалады.

48. Бірінші "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" операциясы (P. AS.03.OPR.009) орындалады, оның нәтижесінде уәкілетті орган асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау үшін асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

49. Асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтер Комиссияға асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау үшін келіп түскен кезде "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P. AS.03.OPR.010) орындалады, оның нәтижесінде Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастауды жүзеге асырады және асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді алып тастау нәтижесі туралы хабарламаны уәкілетті органға жібереді.

50. Асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға келіп түскен кезде "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастау нәтижесі туралы хабарлама алу" операциясы (P. AS.03.OPR.011) орындалады, оны орындау барысында көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

51. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы орындалған (P. AS.03.OPR.010) жағдайда, "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордың жаңартылған мәліметтерін жариялау" операциясы (P. AS.03.OPR.012) орындалады, оның нәтижесінде Комиссия асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан жаңартылған мәліметтердің Одақтың ақпараттық порталында жариялануын қамтамасыз етеді.

52. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастау" рәсімін (P. AS.03.PRC.003) орындау нәтижесі асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар дерекқорынан алып тастау және жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау болып табылады.

53. "Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастау" рәсімі (P.AS.03.PRC.003) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 18-кестеде келтірілген.

18-кесте

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастау" рәсімі (P.AS.03.PRC.003) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттама
1	2	3
P.AS.03.OPR.009	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.AS.03.OPR.010	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген
P.AS.03.OPR.011	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан мәліметтерді алып тастау нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 21-кестесінде келтірілген
P.AS.03.OPR.012	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордың жаңартылған мәліметтерін жариялау	осы Қағидалардың 22-кестесінде келтірілген

19-кесте

"Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау үшін мәліметтер ұсыну" операциясының (P.AS.03.OPR.009) сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленімі	Сипаттама
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.AS.03.OPR.009
2	Операцияның атауы	Асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау үшін мәліметтер ұсыну

3	Орындаушы	Уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	асыл тұқымды жануарлар туралы мәліметтерді асыл тұқымды жануарлар туралы дерекқордан алып тастау қажет болған кезде орындалады
5	Шектеу	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
